

Сведения об авторах:

Макулова Айнур Абдыкалиевна – PhD докторант, кафедра общей педагогики и психологии Южно-Казахстанского исследовательского университета им. М.Ауэзова, Республика Казахстан, 160012, г. Шымкент, просп. Тауке хана, 5, тел.: +77029957227, e-mail: makulovaa@list.ru; <https://orcid.org/0000-0003-4647-1767>.

Жиенбаева Надежда Бисеновна – доктор психологических наук, профессор кафедры специальной педагогики Казахского национального педагогического университета имени Абая, Республика Казахстан, 050010, г. Алматы, просп. Достык, 13, тел.: +77778360055, e-mail: zh_nadejda@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1868-2743>.

Абилдаева Гульназ Сайлауовна* – PhD, старший преподаватель кафедры общей педагогики и психологии Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова, Республика Казахстан, 160012, г. Шымкент, просп. Тауке хана, 5, тел.: +77788884888, e-mail: gulnaz.abildaeva@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2737-4793>.

Макулова Айнур Әбдіқалиқызы – PhD докторанты, Жалпы педагогика және психология кафедрасы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан ғылыми-зерттеу университеті, Қазақстан Республикасы, 160012, Шымкент қ., Тауке хан даңғ., 5, тел.: +77029957227, e-mail: makulovaa@list.ru; <https://orcid.org/0000-0003-4647-1767>.

Жиенбаева Надежда Бисенқызы – психология ғылымдарының докторы, профессор, арнайы педагогика кафедрасы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ., Достық даңғ., 13, тел.: +77778360055, e-mail: zh_nadejda@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1868-2743>.

Әбілдаева Гүлназ Сайлауқызы* – PhD докторы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің жалпы педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, 160012, Шымкент қ., Тауке хан даңғ., 5, тел.: +77788884888, e-mail: gulnaz.abildaeva@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2737-4793>.

Makulova Ainur Abdykaliyevna – PhD student, Department of general pedagogy and psychology, M.Auezov South Kazakhstan Research University, Republic of Kazakhstan, 160012, Shymkent, 5 Tauke Khan Ave., tel.: +77029957227, e-mail: makulovaa@list.ru; <https://orcid.org/0000-0003-4647-1767>.

Zhiyenbayeva Nadezhda Bissenovna – Doctor of Psychology, Professor, Department of special pedagogy, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050010, Almaty, 13 Dostyk Ave., tel.: +77778360055, e-mail: zh_nadejda@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1868-2743>.

Abildayeva Gulnaz Sailauovna* – PhD, Senior Lecturer, Department of general pedagogy and psychology, M.Auezov South Kazakhstan University, Republic of Kazakhstan, 160012, Shymkent, 5 Tauke Khan Ave., tel.: +77788884888, e-mail: gulnaz.abildaeva@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2737-4793>.

XFTAP 14.35.09

ӨОЖ 378.147:004:81'243

<https://doi.org/10.52269/SKVC2622214>

БОЛАШАҚ ФИЛОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ДАМУЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Мейрбекова Г.Қ.* – PhD докторанты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы.

Сүлейменова Ж.Н. – педагогика ғылымдарының докторы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Қазақ тіл білімін оқыту теориясы мен әдістемесі кафедрасының профессоры, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Жылқыбай Г.Қ. – филология ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қазақ филологиясы кафедрасының доценті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы.

Исаева Ж.И. – филология ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қазақ филологиясы кафедрасының доценті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы.

Бұл мақалада болашақ филологтардың кәсіби сөйлеу мәдениетін цифрлық білім беру технологиялары арқылы дамытудың педагогикалық шарттары қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – Moodle, Padlet, Speech Analyzer және ChatGPT құралдарына негізделген интеграциялық әдістемелік модельдің кәсіби сөйлеу мәдениетінің тілдік, коммуникативтік, этикалық және дискурсивтік компоненттеріне ықпалын квазиэксперименттік тұрғыдан бағалау. Зерттеуге Қожа Ахмет Ясауи

атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің филология факультетінде оқитын 82 үшінші курс студенті қатысты. Қатысушылар бақылау тобына ($n = 41$) және эксперименттік топқа ($n = 41$) бөлінді. Екі топ та «Академиялық кәсіби сөйлеу мәдениеті» пәнін оқыды, алайда эксперименттік топта Moodle, Padlet, Speech Analyzer және ChatGPT құралдарын біріктірген интеграциялық әдістемелік модель қолданылды. Бағалау 5 балдық рубрика негізінде жүргізілді. Зерттеу нәтижелері эксперименттік топта кәсіби сөйлеу мәдениеті көрсеткіштерінің бақылау тобымен салыстырғанда айқынырақ өскенін көрсетті. Эксперименттік топтың жалпы ұпайы 11.70-тен 16.30-ға дейін артса, бақылау тобында бұл көрсеткіш 8.35-тен 9.70-ке дейін ғана өсті. ANCOVA нәтижелері топтар арасында статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылық бар екенін көрсетті ($p < 0.001$; $\text{partial } \eta^2 = 0.465\text{--}0.593$). Алынған нәтижелер цифрлық құралдарды кәсіби сөйлеу мәдениетінің нақты компоненттерін дамытуға бағытталған әдістемелік жүйе ретінде қолданудың тиімділігін айқындайды.

Түйінді сөздер: кәсіби сөйлеу мәдениеті, болашақ филологтар, цифрлық білім беру технологиялары, квазиэксперимент, педагогикалық шарттар.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ РАЗВИТИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ РЕЧЕВОЙ КУЛЬТУРЫ БУДУЩИХ ФИЛОЛОГОВ СРЕДСТВАМИ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Мейрбекова Г.К.* – PhD докторант, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Республика Казахстан.

Сулейменова Ж.Н. – доктор педагогических наук, профессор кафедры теории и методики преподавания казахского языкознания, Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Республика Казахстан.

Жылкыбай Г.К. – кандидат филологических наук, доцент кафедры казахской филологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Республика Казахстан.

Исаева Ж.И. – кандидат филологических наук, доцент кафедры казахской филологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Республика Казахстан.

В статье рассматриваются педагогические условия развития профессиональной речевой культуры будущих филологов посредством цифровых образовательных технологий. Цель исследования – квазиэкспериментально оценить влияние интеграционной методической модели, основанной на использовании Moodle, Padlet, Speech Analyzer и ChatGPT, на языковой, коммуникативный, этический и дискурсивный компоненты профессиональной речевой культуры. В исследовании приняли участие 82 студента третьего курса факультета филологии Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави. Участники были распределены на контрольную группу ($n = 41$) и экспериментальную группу ($n = 41$). Обе группы изучали дисциплину «Академическая профессиональная речевая культура», однако в экспериментальной группе применялась интеграционная методическая модель, объединяющая Moodle, Padlet, Speech Analyzer и ChatGPT. Оценивание проводилось на основе 5-балльной рубрики. Результаты исследования показали, что показатели профессиональной речевой культуры в экспериментальной группе повысились более заметно по сравнению с контрольной группой. Общий балл экспериментальной группы увеличился с 11,70 до 16,30, тогда как в контрольной группе данный показатель вырос только с 8,35 до 9,70. Результаты ANCOVA выявили статистически значимое различие между группами ($p < 0,001$; $\text{partial } \eta^2 = 0,465\text{--}0,593$). Полученные результаты подтверждают эффективность использования цифровых инструментов как методической системы, направленной на развитие конкретных компонентов профессиональной речевой культуры.

Ключевые слова: профессиональная речевая культура, будущие филологи, цифровые образовательные технологии, квазиэксперимент, педагогические условия.

PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR DEVELOPING FUTURE PHILOLOGISTS' PROFESSIONAL SPEECH CULTURE THROUGH DIGITAL EDUCATIONAL TECHNOLOGIES

Meirbekova G.K.* – PhD student, Department of Kazakh philology, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Republic of Kazakhstan.

Suleimenova Zh.N. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the Department of theory and methods of teaching Kazakh linguistics, Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

Zhylykbay G.K. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Department of Kazakh philology, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Republic of Kazakhstan.

Issayeva Zh.I. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Department of Kazakh philology, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Republic of Kazakhstan.

This article examines the pedagogical conditions for developing future philologists' professional speech culture through digital educational technologies. The aim of the study is to quasi-experimentally evaluate the impact of an integrative methodological model based on Moodle, Padlet, Speech Analyzer, and ChatGPT on the linguistic, communicative, ethical, and discursive components of professional speech culture. The study involved 82 third-year students of the Faculty of philology at Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University. The participants were divided into a control group (n = 41) and an experimental group (n = 41). Both groups studied the course "Academic Professional Speech Culture"; however, the experimental group used an integrative methodological model combining Moodle, Padlet, Speech Analyzer, and ChatGPT. Assessment was conducted using a 5-point rubric. The results showed that the indicators of professional speech culture increased more noticeably in the experimental group than in the control group. The total score of the experimental group increased from 11.70 to 16.30, while in the control group this indicator rose only from 8.35 to 9.70. ANCOVA results revealed a statistically significant difference between the groups ($p < 0.001$; partial $\eta^2 = 0.465-0.593$). The findings demonstrate the effectiveness of using digital tools as a methodological system aimed at developing specific components of professional speech culture.

Keywords: professional speech culture, future philologists, digital educational technologies, quasi-experiment, pedagogical conditions.

Кіріспе. Қазіргі білім беру кеңістігінің басты ерекшелігі – жедел цифрландыру. Бұл үдеріс жоғары оқу орындарына, соның ішінде филолог мамандарын даярлау жүйесіне айтарлықтай ықпал етуде. Бүгінгі күні болашақ филологқа тек терең тілдік білім ғана емес, сонымен бірге цифрлық ортада нәтижелі қарым-қатынас жасау, көптілді дискурста еркін әрекет ету және кәсіби сөйлеу мәдениетін меңгеру талап етіледі.

Қазіргі таңда филологтарды кәсіби даярлау екі негізгі міндетке тіреледі:

- дәстүрлі тілдік және мәдениетаралық білімді заманауи цифрлық контекстке икемдеу;
- оқу үдерісін студенттердің цифрлық құзыреттерін қалыптастырумен үйлестіру.

Көптеген жоғары оқу орындарында оқу бағдарламалары әлі де дәстүрлі әдістерге арқа сүйейді, соның салдарынан болашақ мамандардың цифрлық коммуникациялық ортада толыққанды кәсіби жұмыс істеуі шектеледі.

Кәсіби сөйлеу мәдениеті – филологтың базалық құзыреттерінің бірі. Бұл ұғым тек дәл әрі сауатты сөйлеуді ғана емес, сонымен бірге дискурстық икемділікті, этикалық талаптарды сақтауды және академиялық стильді меңгеруді қамтиды. Сөйлеу мәдениетінің жоғары деңгейі болашақ филологқа ғылыми, педагогикалық және кәсіби ортада тиімді қарым-қатынас жасауға жол ашады.

Қазіргі зерттеулерде кәсіби сөйлеу мәдениеті жоғары оқу орындарында маман даярлаудың негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылады. Бұл ұғым тұлғаның тілдік құзыреттілігін, коммуникативтік әлеуетін және кәсіби өзіндік санасын айқындап, оның жалпы мәдени дамуымен өзара сабақтастықта танылады [1, 2 б.]. Әдебиеттерді талдау негізінде кәсіби сөйлеу мәдениетінің тілдік, коммуникативтік, этикалық және дискурсивтік компоненттері жүйеленді. Бұл компоненттерді айқындауда сөйлеу мәдениетінің негізгі аспектілері туралы Алтаеваның тұжырымдары негізге алынды [2, 4 б.].

1 кесте – Кәсіби сөйлеу мәдениеті компоненттерінің мазмұны [2, 4 б.]

Компонент	Компонент мазмұны	Негізгі көрсеткіштері
Тілдік компонент	Әдеби тіл нормаларын меңгеру, лексика-грамматикалық дұрыстықты сақтау, сөздерді орынды қолдану, дұрыс айту мен екпін қою, стилистикалық сауаттылықты қамтамасыз ету	Грамматикалық дұрыстық; лексикалық дәлдік; орфоэпиялық норма; терминдерді орынды қолдану; сөйлеу тазалығы
Коммуникативтік компонент	Ойды ауызша және жазбаша түрде анық, жүйелі, мақсатқа сай жеткізу; қарым-қатынас жағдайына сәйкес тілдік құралдарды таңдау; адресат ерекшелігін ескеру	Ойдың анықтығы; пікірдің қисындылығы; диалогқа қатысу; дәлелді жауап беру; кәсіби қарым-қатынас жанрларын меңгеру
Этикалық компонент	Сөйлеу әдеби мен академиялық қарым-қатынас нормаларын сақтау; сыпайылық таныту; әңгімелесушінің пікірін ескеру; кәсіби ортада жауапты тілдік мінез-құлық көрсету	Сыпайылық нормаларын сақтау; құрметті тон; тыңдай білу; академиялық этика; кәсіби қарым-қатынас мәдениеті
Дискурсивтік компонент	Мәтіннің немесе ауызша сөйлеудің құрылымдылығын, логикалық байланысын, жанрлық және стильдік сәйкестігін сақтау; ойды тұтас әрі дәлелді ұйымдастыру	Мәтін құрылымы; логикалық байланыс; дәлел мен қорытындының болуы; жанрлық сәйкестік; стильдік бірізділік; интонация мен паузаны орынды қолдану

Филологиялық білім беруде сөйлеу мәдениетін дамыту тек дәстүрлі аудиториялық сабақтармен шектелмеуі керек; ол мультимодальды ортада іске асуы тиіс. Мұндай тәсіл студенттердің тілдік, коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттерін кешенді дамытуға мүмкіндік береді.

Цифрлық білім беру технологиялары бүгінде филологиялық дайындықтың бөлінбес бөлігі. Олардың негізінде болашақ филологтардың кәсіби сөйлеу мәдениетін дамытуға бағытталған жаңа педагогикалық тәсілдер қалыптасып жатыр. Соңғы он жылда сөйлеу мәдениетін жетілдіруге қатысты зерттеулер бірнеше негізгі бағытты қамтыды. Шетелдік еңбектер цифрлық білім беру ортасының коммуникативтік дағдыларды дамытудағы маңызын, интерактивті платформалардың студенттердің тілдік белсенділігіне ықпалын және цифрлық құралдардың дискурсивтік құзыреттілікті қалыптастырудағы тиімділігін айқындайды [3–9].

Мәселен, Аида С. [3, 3 б.] пен Ван [4, 5 б.] зерттеулері Moodle және Kahoot сияқты платформалардың тілдік құзыреттерді қалыптастырудағы тиімділігін көрсетсе, Шадиев [5, 5 б.] интерактивті ортада студенттердің сөйлеу белсенділігі мен өзара әрекеттесу сапасының артқанын атап өтеді.

2 кесте – Сөйлеу мәдениетін дамытуда цифрлық технологияларды қолдану тәсілдерінің салыстырмалы талдауы

Автор / Жыл	Цифрлық құрал	Мақсаты	Нәтиже	Ел
С. Аида (2021) [3]	Moodle	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Рөлдік ойындар арқылы сөйлеу белсенділігі артты	АҚШ
Мендекенова (2022) [9]	Padlet	Академиялық дискурсты қалыптастыру	Пікірталас мәдениеті мен академиялық сөйлеу дағдылары дамыды	Қазақстан

Қазақстандық еңбектер де осы арнада дамып, Moodle, Padlet тәрізді платформаларды пайдалану филология студенттерінің кәсіби сөйлеу мәдениетін жетілдіретінін көрсетеді [9–11]. Мендекенова [9, 50 б.] Padlet арқылы пікірталас мәдениетін қалыптастыруды зерделесе, Нуркенова [10, 166 б.] Moodle ортасындағы рөлдік ойындардың тілдік белсенділікке ықпалын талдаған. Сонымен қатар Н.Бекеева [11, 71 б.] қазақ тілін оқыту үдерісінде кәсіби коммуникацияны мақсатты қалыптастырудың әдістемелік тетіктерін нақтылап, кәсіби сөйлеу мәдениетін дамытудағы коммуникативтік тапсырмалардың маңызын айқындады. Г.Нұрманова [12, 137 б.] филолог-студенттердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін қарастырып, цифрлық ортада жұмыс істеу дағдылары мен тілдік-кәсіби даярлықтың өзара байланысын негіздеді.

Отандық зерттеулер қатарында Б.Сәбденованың [13, 141 б.] оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы қатысымдық дағдыларды дамытуға арналған еңбегі де маңызды. Ал Ж.Дүйсебекованың [14, 61 б.] филолог-студенттердің сөз мәдениетін ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы қалыптастыруға арналған зерттеуі кәсіби сөйлеу мәдениетінің тілдік-нормативтік және құрылымдық негіздерін айқындап, қазіргі цифрлық ортада қолданылатын сөйлеу тапсырмаларының мазмұнын ғылыми тұрғыдан толықтырады.

Болашақ филологтардың кәсіби сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда мына әдістер кең қолданылады: рөлдік және іскерлік ойындар, онлайн пікірталастар мен дебаттар, цифрлық жобалар, блог жүргізу, сондай-ақ мультимедиялық презентациялар әзірлеу [6; 9; 13].

Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесіндегі цифрландыру «цифрлық білім беру экожүйесін» қалыптастырумен ұштасуда: ЖОО-ларда LMS (Moodle), интерактивті орта (Padlet) және жасанды интеллектке негізделген тілдік қолдау құралдары пәндердің коммуникациялық құрамын күшейту мақсатымен жүйелі түрде енгізіліп келеді. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі көптілді орта болашақ филологтардың кәсіби дискурсын қалыптастыруға қолайлы жағдай жасайды; академиялық жазылым мен ауызша ғылыми коммуникацияны жетілдіру үшін рөлдік тапсырмалар, пікірталас форумдары және жобалық жұмыстар кең пайдаланылады. Отандық эмпирикалық деректер Moodle шеңберіндегі рөлдік ойындардың сөйлеу белсенділігін өсіретінін, Padlet платформасының пікірталас мәдениетін орнықтыратынын көрсетеді [9–12]. Аталған тәсілдер студенттердің тілдік және дискурсивтік дағдыларын қалыптастырып, кәсіби коммуникативтік құзыреттерін күшейтеді. Цифрлық ортада оларды қолдану оқыту үдерісін интерактивті, ынталандыратын әрі икемді сипатқа келтіреді.

Moodle платформасын пайдалануға қатысты зерттеулер студенттердің оқу үдерісіне қатысу белсенділігін күшейтіп, рөлдік ойындар мен форумдарда сөйлеу белсенділігін дамытуға жағдай жасайтынын айқындайды [3; 10; 13]. Padlet платформасын қолдану академиялық дискурс мәдениетін қалыптастыруда нәтижелі екені көрсетілді [9]. ChatGPT тәрізді жасанды интеллект құралдары студенттердің жазбаша және ауызша сөйлеуін түзету мен жетілдіруде тиімді қолданылады [7; 8; 14].

Бұл зерттеу бірқатар теориялық тұғырларға сүйенеді:

- Выготскийдің мәдени-тарихи концепциясы – тіл мен сөйлеу дамуының әлеуметтік өзара әрекет арқылы жүзеге асуын негіздейді [19, 201 б.];
- коммуникативтік құзырет моделі (Hymes; Canale & Swain) – тілдік, дискурсивтік және стратегиялық құзыреттерді кешенді дамыту қағидатын ұсынады [20, 15 б.];

- цифрлық педагогика ұстанымдары – оқытуда цифрлық құралдарды мақсатты әрі әдістемелік тұрғыдан тиімді қолдануды дәйектейді [21, 30 б.].

Қазіргі филологиялық білім беру жүйесінде цифрлық технологиялар кең қолданылғанымен, олар көбіне жеке құрал ретінде ғана қарастырылады. Moodle, Padlet, Speech Analyzer немесе ChatGPT сияқты платформалардың кәсіби сөйлеу мәдениетінің нақты құрамдастарына – тілдік норма, коммуникативтік мақсаттылық, этикалық сөйлеу әдебі және дискурсивтік ұйымдасу – қалай ықпал ететіні жүйелі түрде ашыла бермейді. Осыған байланысты болашақ филологтардың кәсіби сөйлеу мәдениетін цифрлық ортада дамытуға арналған тұтас интеграциялық әдістемелік модельдің жеткіліксіздігі зерттеудің негізгі ғылыми проблемасы болып табылады.

Цифрлық білім беру технологиялары филологиялық білімнің мазмұны мен әдістемесін айтарлықтай жаңартып отыр. LMS (Moodle), интерактивті платформалар (Padlet), жасанды интеллект құралдары (ChatGPT) және мультимедиялық ресурстар сөйлеу мәдениетін дамытуға жаңа мүмкіндіктер ұсынады.

- LMS жүйелері оқу үдерісін жүйелеуге, модульдік тапсырмаларды жоспарлауға және онлайн пікірталас алаңдарын қалыптастыруға жағдай жасайды;

- Интерактивті платформалар студенттердің сөйлеу белсенділігін, пікірталас мәдениетін және дискурсивтік икемдерін арттыруға ықпал етеді;

- AI құралдары жедел кері байланыс беріп, студенттердің жазбаша және ауызша тілін түзетуге мүмкіндік береді;

- Мультимедиялық контент (видео, подкаст, визуалды материалдар) оқу барысын жандандырып, сөйлеу стратегияларын кеңейтеді.

Цифрлық білім беру студенттердің қатысу белсенділігін күшейтіп, кәсіби сөйлеу мәдениетін дамытуға арналған интерактивті әрі икемді әдістерді енгізуге жол ашады.

Зерттеудің мақсаты. Бұл зерттеудің мақсаты – болашақ филологтардың кәсіби сөйлеу мәдениетін дамытуда цифрлық білім беру технологияларына негізделген интеграциялық әдістемелік модельдің тиімділігін квазиэксперименттік тұрғыдан бағалау. Осы мақсатта бақылау және эксперименттік топтардың pretest және posttest нәтижелері салыстырылып, Moodle, Padlet, Speech Analyzer және ChatGPT құралдарын мақсатты қолданудың тілдік, коммуникативтік, этикалық және дискурсивтік құрамдастарға ықпалы анықталды. Зерттеуде екі топ та «Академиялық кәсіби сөйлеу мәдениеті» пәнін оқығанымен, цифрлық интеграциялық модель тек эксперименттік топта қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: цифрлық білім беру құралдарын кәсіби сөйлеу мәдениетінің төрт құрамдасымен өзара байланыста қарастыратын интеграциялық модель ұсынуымен айқындалады. Ұсынылған модельде Moodle оқу үдерісін модульдік ұйымдастыру құралы ретінде, Padlet академиялық пікірталас пен жазбаша дискурс алаңы ретінде, Speech Analyzer ауызша сөйлеудің дыбыстық және әуездік-ырғақтық көрсеткіштерін талдау құралы ретінде, ал ChatGPT жедел қалыптастырушы кері байланыс құралы ретінде қолданылды. Бұл модельдің ерекшелігі – цифрлық құралдарды жай техникалық ресурс ретінде емес, кәсіби сөйлеу мәдениетінің тілдік, коммуникативтік, этикалық және дискурсивтік көрсеткіштерін мақсатты дамытуға бағытталған әдістемелік жүйе ретінде қарастыруында.

Материалдар мен әдістер. Зерттеуге Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің филология факультетінде оқитын 82 үшінші курс студенті қатысты. Зерттеу жұмысы 8 апта жүргізілді. Қатысушылар екі топқа бөлінді: бақылау тобы ($n = 41$) және эксперименттік топ ($n = 41$). Екі топ та бір оқу кезеңінде «Академиялық кәсіби сөйлеу мәдениеті» пәнін оқыды. Бақылау тобында пән дәстүрлі әдістемелік тәсілдер арқылы жүргізілді: дәріс, практикалық тапсырмалар, аудиториялық талқылау, жазбаша және ауызша жаттығулар. Эксперименттік топта осы пән мазмұны Moodle, Padlet, Speech Analyzer және ChatGPT құралдарын біріктірген интеграциялық әдістемелік модель арқылы ұйымдастырылды.

Зерттеу барысында болашақ филологтардың кәсіби сөйлеу мәдениетін цифрлық білім беру технологиялары арқылы дамытуға бағытталған интеграциялық әдістемелік модель ұсынылды. Бұл модель цифрлық құралдарды оқу үдерісіне жекелеген техникалық ресурс ретінде емес, кәсіби сөйлеу мәдениетінің негізгі құрамдарын жүйелі дамытуға мүмкіндік беретін әдістемелік жүйе ретінде қарастыруға негізделеді. Модельдің құрылымы бес өзара байланысты блоктан тұрады: мақсаттық, мазмұндық, технологиялық, іс-әрекеттік және бағалау-рефлексиялық блоктар.

3 кесте – Болашақ филологтардың кәсіби сөйлеу мәдениетін дамытуға арналған интеграциялық модельдің құрылымы

Модель блогы	Мазмұны	Қолданылатын құралдар мен әдістер	Күтілетін нәтиже
Мақсаттық блок	Болашақ филологтардың кәсіби сөйлеу мәдениетін цифрлық білім беру ортасында дамыту	Оқу мақсатын айқындау, кәсіби сөйлеу мәдениетінің құрамдарын белгілеу	Студенттердің тілдік, коммуникативтік, этикалық және дискурсивтік дағдыларын жүйелі дамытуға бағытталған мақсат қалыптасады

3-кестенің жалғасы

Мазмұндық блок	Кәсіби сөйлеу мәдениетінің негізгі құрамдарын қамту: тілдік норма, коммуникативтік мақсаттылық, этикалық сөйлеу әдебі, дискурсивтік ұйымдасу	Академиялық мәтіндер, кәсіби жағдаяттар, пікірталас тақырыптары, ауызша және жазбаша тапсырмалар	Студенттердің кәсіби сөйлеу мәдениетіне қатысты теориялық және практикалық білімі кеңейеді
Технологиялық блок	Цифрлық құралдарды кәсіби сөйлеу мәдениетін дамыту мақсатында қолдану	Moodle, Padlet, Speech Analyzer, ChatGPT, мультимедиялық ресурстар	Цифрлық ортада кәсіби қарым-қатынас жасау, мәтін құрастыру, пікір білдіру және сөйлеуді талдау мүмкіндігі артады
Іс-әрекеттік блок	Студенттердің цифрлық ортадағы оқу-танымдық және коммуникативтік әрекеттерін ұйымдастыру	Moodle форумдары, Padlet пікірталастары, рөлдік тапсырмалар, ауызша сөйлеуді талдау, AI арқылы кері байланыс алу	Студенттердің дәлелді сөйлеу, академиялық пікір жазу, ауызша ойын жүйелі жеткізу және кәсіби дискурсқа қатысу дағдылары дамиды
Бағалау-рефлексиялық блок	Студенттердің кәсіби сөйлеу мәдениеті деңгейін бағалау және өзгеріс динамикасын анықтау	Pretest, posttest, бағалау рубрикасы, студенттік мәтіндерді сапалық талдау, кері байланыс нәтижелерін түсіндіру	Студенттердің сөйлеу мәдениеті көрсеткіштеріндегі өзгерістер анықталып, оқу нәтижесіне рефлексия жасалады

Осылайша, ұсынылған модель цифрлық технологияларды кәсіби сөйлеу мәдениетін дамыту үдерісіне жүйелі түрде кіріктіруге жағдай жасайды. Оның ерекшелігі – Moodle, Padlet, Speech Analyzer және ChatGPT құралдарының әрқайсысын нақты әдістемелік қызметпен байланыстыруында.

Эксперименттік топта қолданылған цифрлық құралдар:

4 кесте – Эксперименттік топта цифрлық құралдарды қолдану әдістемесі

Цифрлық құрал	Қолданылу мақсаты	Оқу әрекеті	Дамытылатын компонент
Moodle	Оқу модульдерін, тапсырма нұсқаулықтарын, форумдарды және кезеңдік бағалау материалдарын ұйымдастыру	Студенттер теориялық материалмен танысып, тапсырмаларды орындады, форумда пікір алмасты	Тілдік, коммуникативтік және дискурсивтік компоненттер
Padlet	Академиялық пікір білдіру, дәлелді жауап жазу және пікірталас мәдениетін дамыту	Студенттер тақырып бойынша қысқа академиялық пікір жазып, басқа студенттердің жауаптарына пікір білдірді	Коммуникативтік, этикалық және дискурсивтік компоненттер
Speech Analyzer	Ауызша сөйлеудің дыбысталуы, қарқыны, кідірісі, интонациясы мен ырғақтық ерекшеліктерін талдау	Студенттер ауызша сөйлеу тапсырмасын орындап, өз сөйлеуіндегі фонетикалық және әуездік-ырғақтық ерекшеліктерді талдады	Тілдік және коммуникативтік компоненттер
ChatGPT	Жазбаша және ауызша сөйлеу сценарийлеріне тілдік, стильдік және дискурсивтік кері байланыс беру	Студенттер өз мәтіндерін енгізіп, грамматикалық дәлдік, академиялық стиль, логикалық байланыс және дәлел құрылымы бойынша ұсыныстар алды	Тілдік, коммуникативтік және дискурсивтік компоненттер

Бақылау тобында бұл құралдар жүйелі әдістемелік модель ретінде қолданылған жоқ. Бұл топ студенттері пән мазмұнын дәстүрлі практикалық тапсырмалар, оқытушы түсіндірмесі, аудиториялық талқылау және стандартты жазбаша-ауызша жаттығулар арқылы меңгерді.

Кәсіби сөйлеу мәдениетін бағалау өлшемдері сөйлеу мәдениеті, коммуникативтік құзыреттілік және цифрлық педагогика бойынша теориялық тұжырымдарға сүйене отырып айқындалды. Коммуникативтік құзыреттілік моделінде тілдік, дискурсивтік және әлеуметтік-мәдени нормаларды сақтау ма-

ңызды орын алады [20]. Сонымен қатар Выготскийдің мәдени-тарихи тұжырымдамасы сөйлеу әрекетінің әлеуметтік өзара әрекет арқылы дамитынын негіздейді [19]. Осы теориялық негіздерге сүйене отырып, зерттеуде кәсіби сөйлеу мәдениеті төрт негізгі компонент арқылы бағаланды: тілдік, коммуникативтік, этикалық және дискурсивтік.

5 кесте – Кәсіби сөйлеу мәдениетін бағалауға арналған 5 балдық рубрика

Компонент	1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
Тілдік компонент	Грамматикалық және лексикалық қателер өте жиі кездеседі, ойды түсіну қиын	Қателер жиі байқалады, тілдік норма тұрақты сақталмайды	Қателер бар, бірақ негізгі ой түсінікті жеткізіледі	Қателер сирек кездеседі, тілдік норма негізінен сақталады	Тілдік норма толық сақталады, сөз қолданысы дәл әрі сауатты
Коммуникативтік компонент	Ойын жеткізуде елеулі қиындық байқалады, диалогқа қатысуы әлсіз	Қарым-қатынасқа қатысады, бірақ ойын толық әрі жүйелі жеткізе алмайды	Ойын жалпы жеткізе алады, бірақ дәлелдеу мен байланыс жеткіліксіз	Ойын еркін жеткізеді, тыңдаушымен байланыс орнатады	Ойын нақты, сенімді және мақсатқа сай жеткізеді
Этикалық компонент	Сөйлеу әдебі мен академиялық қарым-қатынас нормалары сақталмайды	Этикалық нормаларды қолдануда тұрақсыздық байқалады	Негізгі этикалық талаптар сақталады, бірақ кейбір ауытқулар бар	Сөйлеу әдебі мен академиялық нормалар негізінен сақталады	Кәсіби этика, сыпайылық және академиялық қарым-қатынас нормалары толық сақталады
Дискурсивтік компонент	Мәтін немесе сөйлеу құрылымы жүйесіз, ой байланысы әлсіз	Құрылым бар, бірақ логикалық байланыспен жанрлық сәйкестік жеткіліксіз	Ой жалпы жүйеленген, бірақ дәлел мен қорытынды толық ашылмайды	Мәтін құрылымы анық, ой логикалық байланысады	Дискурс жүйелі, дәлелді, жанрлық және стильдік тұрғыдан толық сәйкес келеді

Pretest және posttest кезеңдерінде студенттердің жазбаша және ауызша тапсырмалары алдын ала дайындалған 5 балдық рубрика негізінде бағаланды. Бағалау кәсіби сөйлеу мәдениетінің төрт компоненті бойынша жүргізілді: тілдік, коммуникативтік, этикалық және дискурсивтік. Бағалаудың әділдігі мен объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында студенттердің жұмыстары екі тәуелсіз бағалаушы тарапынан тексерілді. Бағалаушыларға рубрикадағы әр компоненттің мазмұны мен 1–5 балдық деңгейлердің сипаттамасы алдын ала түсіндірілді. Бағалау алдында бірнеше үлгі жұмыс талданып, критерийлерді бірізді қолдану тәртібі нақтыланды. Pretest және posttest тапсырмалары бірдей өлшемдер негізінде бағаланды, бұл бастапқы және қорытынды нәтижелерді салыстыруға мүмкіндік берді. Субъективтілікті азайту үшін студенттердің аты-жөні бағалау кезінде көрсетілмеді. Әр бағалаушы жұмысты жеке тексеріп, тілдік дұрыстық, ойдың анықтығы, сөйлеу әдебі, мәтіннің құрылымдылығы және логикалық байланысы сияқты нақты көрсеткіштерге сүйенді. Егер екі бағалаушы қойған балдар арасында елеулі айырмашылық байқалса, жұмыс қайта қаралып, қорытынды балл бағалаушылардың келісімі немесе орташа балл негізінде анықталды. Бұл тәсіл бағалау үдерісінің бірізділігін, әділдігін және алынған нәтижелердің сенімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Эксперименттік зерттеу квазиэксперименттік pretest–posttest control group design негізінде жүргізілді. Зерттеу үш негізгі кезеңнен тұрды:

Бастапқы диагностика кезеңінде бақылау және эксперименттік топ студенттерінің кәсіби сөйлеу мәдениетінің бастапқы деңгейі анықталды. Бағалау тілдік, коммуникативтік, этикалық және дискурсивтік құрамдастар бойынша жүргізілді.

Pretest және posttest кезеңдерінде бақылау және эксперименттік топ студенттеріне мазмұны мен күрделілік деңгейі бірдей диагностикалық тапсырмалар ұсынылды. Тапсырмалар студенттердің кәсіби сөйлеу мәдениетінің тілдік, коммуникативтік, этикалық және дискурсивтік компоненттерін анықтауға бағытталды. Студенттер академиялық-кәсіби тақырып бойынша қысқа жазбаша пікір дайындап, ауызша сөйлеу тапсырмасын орындады. Жазбаша жұмыс мәтіннің құрылымдылығы, тілдік дұрыстығы, дәлелділігі және академиялық стильді сақтау деңгейі бойынша бағаланды. Ауызша сөйлеу тапсырмасы

ойды жүйелі жеткізу, диалогқа қатысу, сөйлеу әдебін сақтау, интонация, кідіріс және сөйлеу қарқыны сияқты көрсеткіштер негізінде талданды.

Бағалау 5 балдық рубрика арқылы жүргізілді. Әр студент тілдік, коммуникативтік, этикалық және дискурсивтік компоненттер бойынша жеке бағаланды. Pretest бастапқы деңгейді анықтау үшін, ал posttest эксперименттік араласудан кейінгі өзгерісті бағалау үшін қолданылды. Екі кезеңде де бағалау өлшемдері бірдей сақталды, бұл бастапқы және қорытынды нәтижелерді салыстыруға мүмкіндік берді.

Эксперименттік араласу кезеңінде екі топ бірдей пән мазмұнын меңгерді, алайда оқу үдерісін ұйымдастыру тәсілдері әртүрлі болды. Бақылау тобында дәстүрлі тапсырмалар, аудиториялық талқылаулар және оқытушының ауызша-жазбаша кері байланысы қолданылды. Эксперименттік топта Moodle модульдері, Padlet пікірталастары, Speech Analyzer арқылы ауызша сөйлеуді талдау және ChatGPT негізіндегі жедел кері байланыс енгізілді.

Қорытынды диагностика кезеңінде екі топтың posttest нәтижелері салыстырылып, цифрлық интеграциялық модель қолданылған эксперименттік топтағы өзгерістер бақылау тобындағы нәтижелермен салыстырмалы түрде талданды.

Зерттеу дизайнына сәйкес қатысушылар бақылау және эксперименттік топтарға бөлінді. Екі топ та бір оқу пәнін меңгергенімен, оқу үдерісін ұйымдастыру тәсілдері әртүрлі болды: бақылау тобында дәстүрлі әдістер қолданылса, эксперименттік топта цифрлық құралдарға негізделген интеграциялық әдістемелік модель енгізілді.

6 кесте – Бақылау және эксперименттік топтардың сипаттамасы

Топ	Қатысушылар саны	Оқу пәні	Қолданылған әдістер	Цифрлық құралдар
Бақылау тобы	41	Академиялық кәсіби сөйлеу мәдениеті	Дәстүрлі дәріс, практикалық тапсырма, аудиториялық талқылау, жазбаша және ауызша жаттығулар	Негізгі оқу үдерісінде арнайы цифрлық интеграциялық модель қолданылмады
Эксперименттік топ	41	Академиялық кәсіби сөйлеу мәдениеті	Модульдік тапсырмалар, онлайн пікірталас, AI-кері байланыс, ауызша сөйлеуді талдау, рефлексиялық жұмыс	Moodle, Padlet, Speech Analyzer, ChatGPT

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері болашақ филологтардың кәсіби сөйлеу мәдениетін цифрлық білім беру технологиялары арқылы дамытуға арналған интеграциялық әдістемелік модельдің қолданбалы әлеуетін көрсетті. Эксперименттік араласу үш кезеңді қамтыды: бастапқы диагностика (pretest), цифрлық құралдарға негізделген интервенция және қорытынды диагностика (posttest).

7 Кесте – Бақылау және эксперименттік топтардың бастапқы және қорытынды нәтижелерінің сипаттамалық статистикасы

Көрсеткіш	Pre-test ЭТ M(SD)	Pre-test БТ M(SD)	Post-test ЭТ M(SD)	Post-test БТ M(SD)	ЭТ өсімі	БТ өсімі
Тілдік компонент	2.95 (0.60)	2.10 (0.55)	4.10 (0.52)	2.45 (0.58)	+1.15	+0.35
Коммуникативтік компонент	2.85 (0.58)	2.05 (0.50)	4.00 (0.55)	2.35 (0.60)	+1.15	+0.30
Этикалық компонент	3.00 (0.62)	2.20 (0.57)	4.15 (0.50)	2.50 (0.54)	+1.15	+0.30
Дискурсивтік компонент	2.90 (0.56)	2.00 (0.52)	4.05 (0.57)	2.40 (0.56)	+1.15	+0.40
Жалпы ұпай	11.70 (2.10)	8.35 (1.95)	16.30 (1.85)	9.70 (1.90)	+4.60	+1.35

7-кестеде бақылау және эксперименттік топтардың кәсіби сөйлеу мәдениеті көрсеткіштерінің бастапқы және қорытынды нәтижелері сипатталады. Нәтижелерге сәйкес, екі топта да post-test кезеңінде өсім байқалғанымен, эксперименттік топтағы ілгерілеу бақылау тобына қарағанда айқын жоғары болды.

Атап айтқанда, тілдік компонент бойынша эксперименттік топтың орташа көрсеткіші 2.95-тен 4.10-ға дейін өсіп, +1.15 баллдық оң динамика көрсетті. Бақылау тобында бұл өсім 2.10-нан 2.45-ке дейін ғана жетіп, +0.35 баллды құрады. Коммуникативтік компонентте де ұқсас үрдіс байқалды: эксперименттік топта орташа мән 2.85-тен 4.00-ге дейін артса, бақылау тобында 2.05-тен 2.35-ке дейін ғана көтерілді.

Этикалық компонент бойынша эксперименттік топта 3.00-ден 4.15-ке дейінгі өсім тіркеліп, кәсіби сөйлеу әдебі мен академиялық қарым-қатынас нормаларын меңгеруде оң динамика байқалды. Бақы-

лау тобында да аздаған жақсару бар, алайда ол айтарлықтай төмен деңгейде қалды. Дискурсивтік компонентте де эксперименттік топтың нәтижелері жоғарылап, мәтіндік тұтастық пен логикалық байланыстың күшейгенін көрсетті.

Жалпы ұпай бойынша эксперименттік топта 11.70-тен 16.30-ға дейін айқын өсім байқалды, ал бақылау тобында 8.35-тен 9.70-ке дейін ғана өзгеріс болды. Бұл көрсеткіштер жүргізілген педагогикалық жұмыстың эксперименттік топта анағұрлым нәтижелі болғанын және кәсіби сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға оң ықпал еткенін көрсетеді.

Қорытындылай келе, сипаттамалық статистика эксперименттік араласудың тиімділігін нақты көрсетеді. Эксперименттік топта барлық компоненттер бойынша тұрақты және елеулі өсім анықталса, бақылау тобында жақсару болғанымен, оның қарқыны төмен болып қалды. Бұл зерттеу барысында қолданылған әдістемелік ықпалдың қолданбалы әлеуетін айқындайды.

8 кесте – Қорытынды өлшем бойынша ANCOVA нәтижелері

Көрсеткіш	Adjusted M ЭТ	Adjusted M БТ	F(1,79)	p	partial η^2
Тілдік компонент	3.90	2.65	88.20	<.001	0.528
Коммуникативтік компонент	3.79	2.56	78.41	<.001	0.498
Этикалық компонент	3.98	2.67	115.22	<.001	0.593
Дискурсивтік компонент	3.81	2.64	68.75	<.001	0.465
Жалпы ұпай	15.53	10.47	115.12	<.001	0.593

8-кестеде бастапқы өлшем нәтижелері ковариат ретінде алынып, қорытынды өлшем бойынша эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері ANCOVA арқылы салыстырылды. Талдау нәтижелері барлық көрсеткіштер бойынша топтар арасында статистикалық мәнді айырмашылық бар екенін көрсетті.

Тілдік компонент бойынша эксперименттік топтың түзетілген орташа мәні 3.90, ал бақылау тобында 2.65 болды, $F(1,79)=88.20$, $p<.001$, $\text{partial } \eta^2=0.528$. Бұл эксперименттік топта лексика-грамматикалық дұрыстық пен тілдік нормаларды меңгеру деңгейінің айқын жоғарылағанын көрсетеді.

Коммуникативтік компонент бойынша да эксперименттік топтың көрсеткіші бақылау тобынан жоғары болды: Adjusted M ЭТ=3.79, Adjusted M БТ=2.56, $F(1,79)=78.41$, $p<.001$, $\text{partial } \eta^2=0.498$. Бұл қолданылған әдістемелік ықпалдың студенттердің пікірді еркін жеткізу, диалог жүргізу және коммуникативтік жағдаятқа бейімделу қабілеттерін дамытуға оң әсер ете алатынын көрсетеді.

Этикалық компонент бойынша ең жоғары әсер көрсеткіші байқалды, $F(1,79)=115.22$, $p<.001$, $\text{partial } \eta^2=0.593$. Бұл эксперименттік жұмыстың кәсіби сөйлеу әдебі мен академиялық қарым-қатынас нормаларын қалыптастыруда тиімді болғанын көрсетеді.

Дискурсивтік компонентте де статистикалық мәнді айырмашылық анықталды, $F(1,79)=68.75$, $p<.001$, $\text{partial } \eta^2=0.465$. Бұл эксперименттік топ студенттерінің мәтін құрылымын сақтау, ойды жүйелі ұйымдастыру және логикалық байланыс орнату дағдыларының жақсарғанын білдіреді.

Жалпы ұпай бойынша эксперименттік топтың түзетілген орташа мәні 15.53, ал бақылау тобында 10.47 болды. ANCOVA нәтижесі бұл айырмашылықтың статистикалық тұрғыдан мәнді екенін көрсетті, $F(1,79)=115.12$, $p<.001$, $\text{partial } \eta^2=0.593$. Демек, бастапқы көрсеткіштердің ықпалы бақыланғаннан кейін де эксперименттік топтың нәтижелері бақылау тобынан едәуір жоғары болды. Бұл зерттеу барысында қолданылған әдістемелік ықпалдың болашақ филолог мамандардың кәсіби сөйлеу мәдениетін дамытудағы қолданбалы әлеуетін көрсетеді.

Зерттеу нәтижесінде мына негізгі тетіктер айқындалды:

- Интерактивті орта (Moodle форумдары, Padlet тақталары) – пікірталас пен дәлелді сөйлеу дағдыларын ынталандырады;

- Жасанды интеллект құралдары (ChatGPT, грамматикалық анализаторлар) – жедел әрі дәл кері байланыс беріп, жазбаша және ауызша сөйлеуді жетілдіруге жәрдемдеседі;

- Ауызша сөйлеуді талдау құралы (Speech Analyzer) – студенттердің сөйлеу қарқынын, кідірісін, интонациясын және дыбысталу ерекшеліктерін бақылауға мүмкіндік беріп, ауызша сөйлеу сапасын саналы түрде жетілдіруге ықпал етеді.

Осы факторларды бірізді әрі үйлесімді қолдану сөйлеу мәдениетінің барлық құрамдарында тұрақты әрі статистикалық тұрғыдан мәнді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Талқылаулар. Зерттеу қорытындылары Виготскийдің мәдени-тарихи тұжырымдамасымен [19] үндеседі: студенттердің тілдік және коммуникативтік дағдылары бірлескен цифрлық ортада (форумдар, Padlet, интерактивті жобалар) әлеуметтік өзара әрекет арқылы қарқынды дамыды. Бұл «жақын арадағы даму аймағы» қағидасын нақты педагогикалық жағдайда іске асыруға мүмкіндік берді.

Коммуникативтік құзыреттілік моделіне (Хаймс; Канале және Свейн [20]) сүйене отырып, кәсіби сөйлеу мәдениетінің негізгі компоненттері – тілдік, дискурсивтік және стратегиялық құзыреттер – цифрлық араласудан кейін едәуір нығайды. Нәтижелер студенттердің сөйлеу жұмыстарында дискурсивтік ұйымдасу мен аргументативтік құрылымдардың айқын жақсарғанын көрсетті.

Зерттеу Digital pedagogy [21] қағидаттарының нәтижелілігін растады: модульдік құрылым, интерактивті білім беру ортасы және цифрлық кері байланыс тетіктері студенттердің сөйлеу мәдениетін дамытуға айқын ықпал етті.

Талдау нәтижесінде студенттердің сөйлеу мәдениетін ілгерілетуге айрықша ықпал еткен мына құрамдастар белгіленді:

- Интерактивті орта (Moodle форумдары, Padlet тақталары) – пікірталас жүргізу, дәлелді пайымдау және дискурсивтік дағдылардың қарқынды дамуына себеп болды.

- Кері байланыс тетіктері (ChatGPT) – жазбаша және ауызша сөйлеуді жедел түзетіп, сапасын жақсартуға жағдай жасады.

Ауызша сөйлеуді талдау құралы (Speech Analyzer) – сөйлеудің дыбысталуы, қарқыны, кідірісі мен интонациясын бақылауға мүмкіндік беріп, студенттердің өз сөйлеуіндегі тілдік және әуездік-ырғақтық ерекшеліктерді саналы түрде талдауына ықпал етті.

Осы құралдардың кешенді қолданылуы кәсіби сөйлеу мәдениетінің тілдік, коммуникативтік және дискурсивтік қырларын өзара байланыста дамытуға мүмкіндік берді.

Алынған деректер цифрлық білім беру құралдарының болашақ филологтардың кәсіби сөйлеу мәдениетін кешенді түрде дамытудағы әлеуеті жоғары екенін көрсетеді. Интерактивті платформаларды, модульдік ұйымдастыруды, ауызша сөйлеуді талдау құралдарын және жасанды интеллект негізіндегі кері байланыс жүйелерін үйлесімде пайдалану студенттердің тілдік, коммуникативтік, этикалық және дискурсивтік құзыреттерін елеулі деңгейде күшейтті. Нәтижелер теориялық үлгілермен үйлесіп, кәсіби сөйлеу мәдениетін жетілдірудегі цифрлық педагогиканың жұмыс істейтін тетіктерін нақтылайды. Бұл бағыттағы ары қарайғы зерттеулер филологиялық білім беру сапасын көтеріп қана қоймай, көптілді әрі цифрлық ортада бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға негіз қалайды.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері цифрлық білім беру технологияларының болашақ филологтардың кәсіби сөйлеу мәдениетін дамытуда маңызды әдістемелік мүмкіндік беретінін көрсетті. LMS жүйелерін (Moodle), интерактивті платформаларды (Padlet), ауызша сөйлеуді талдау құралдарын (Speech Analyzer) және жасанды интеллект құралдарын (ChatGPT) мақсатты әрі жүйелі пайдалану студенттердің тілдік, коммуникативтік, этикалық және дискурсивтік құзыреттерін кешенді түрде өрістетуге жағдай жасады.

Эксперименттік араласудың нәтижелілігі pre-test және post-test нәтижелерін салыстыру арқылы анықталды. Зерттеу нәтижелері эксперименттік топ студенттерінің кәсіби сөйлеу мәдениетінің барлық компоненттері бойынша айқын ілгерілеу көрсеткенін айқындады. Тілдік, коммуникативтік, этикалық және дискурсивтік компоненттер бойынша эксперименттік топта тұрақты өсім байқалып, жалпы ұпай 11.70-тен 16.30-ға дейін артты. Бақылау тобында да белгілі бір оң динамика тіркелгенімен, оның қарқыны эксперименттік топпен салыстырғанда төмен болды.

ANCOVA нәтижелері бастапқы көрсеткіштердің ықпалын бақылағаннан кейін де эксперименттік және бақылау топтары арасында статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылық бар екенін көрсетті ($p < 0.001$). Эффект көлемі жоғары деңгейде тіркелді (partial $\eta^2 = 0.465-0.593$), бұл қолданылған әдістемелік ықпалдың болашақ филолог мамандардың кәсіби сөйлеу мәдениетін дамытудағы қолданбалы әлеуеті жоғары екенін көрсетеді. Әсіресе этикалық, тілдік және дискурсивтік компоненттер бойынша алынған нәтижелер студенттердің академиялық қарым-қатынас нормаларын сақтау, тілдік дұрыстықты меңгеру және ойды жүйелі құрылымдау қабілеттерінің жақсарғанын көрсетті.

Бұл зерттеу ЖОО-дағы филологиялық білім беру жүйесіне цифрлық технологияларды нысаналы кіріктірудің нәтижелілігін айқындады. Әсіресе Moodle модульдері, Padlet пікірталас алаңдары, Speech Analyzer арқылы ауызша сөйлеуді талдау және AI-негіздегі кері байланыс жүйелері кәсіби сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың пәрменді құралдары ретінде көрінді.

Алдағы кезеңде зерттеу ауқымын кеңейтіп, әртүрлі университеттер мен тілдік бағдардағы бағдарламаларды қамтитын ұзақ мерзімді, көпорталықты эксперименттер жүргізу маңызды. Сонымен қатар қазақ тіліндегі кәсіби дискурс модельдерін жетілдіріп, оларды цифрлық ортаға бейімдеу бойынша қосымша зерттеулер қажет.

Қорытындылай келе, бұл зерттеу филологиялық білім берудің цифрлық трансформациясы болашақ мамандардың кәсіби сөйлеу мәдениетін жаңа сапалық деңгейге көтеруге нақты мүмкіндік беретінін көрсетті. Цифрлық технологияларды нысаналы пайдалану білім беру сапасын жақсартумен бірге, көптілді әрі цифрлық ортада бәсекеге қабілетті филологтарды даярлаудың шешуші шартына айналып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Danilova O.V. Speech Culture Development in Engineering Students in the Modern Education System [Text] / O. V. Danilova // Advances in Economics, Business and Management Research:

- Proceedings of the International Session "Factors of Regional Extensive Development (FRED 2019)". – 2020. – No. 135. – P. 26–29.
- 2 **Алтаева А.Ш. Речевая культура и коммуникативная компетенция билингва** [Текст] / А.Ш. Алтаева // Вестник КазУМОиМЯ. Серия: Филологические науки. – 2021. – № 4(63). – С. 34–42.
- 3 **Aida, S. Impact of E-Learning Orientation, Moodle Usage, and Learning Planning on Learning Outcomes in On-Demand Lectures** [Text] / S. Aida // Education Sciences. – 2023. – T.13. – №10. – Art. 1005. – DOI: 10.3390/educsci13101005.
- 4 **Wang, A.I., Tahir, R. The effect of using Kahoot! for learning – A literature review** [Text] / A.I. Wang, R. Tahir // Computers & Education. – 2020. – T.149. – Art. 103818. – DOI: 10.1016/j.compedu.2020.103818.
- 5 **Shadiev, R., Sun, A., Huang, Y.-M. Exploring the Impact of Learning Activities Supported by Technology on EFL Ability, Intercultural Communicative Competence, and Knowledge Sharing** [Text] / R. Shadiev, A. Sun, Y.-M. Huang // Frontiers in Psychology. – 2021. – T.12. – Art. 766924. – DOI: 10.3389/fpsyg.2021.766924.
- 6 **Nair, V., Yunus, M.M. A Systematic Review of Digital Storytelling in Improving Speaking Skills** [Text] / V. Nair, M.M. Yunus // Sustainability. – 2021. – T.13. – №17. – Art. 9829. – DOI: 10.3390/su13179829.
- 7 **Zhai, N., Ma, X., Ma, J. The Effectiveness of Automated Writing Evaluation on Writing Quality: A Meta-Analysis** [Text] / N. Zhai, X. Ma, J. Ma // Journal of Educational Computing Research. – 2023. – T.61. – №6. – P.1532–1565. – DOI: 10.1177/07356331221127300.
- 8 **Barrot, J.S. Using ChatGPT for second language writing: Pitfalls and potentials** [Text] / J.S. Barrot // Assessing Writing. – 2023. – T.57. – Art. 100745. – DOI: 10.1016/j.asw.2023.100745.
- 9 **Мендекенова, А.Д., Джусубалиева, Д.М. Сандық технологияларды қолдану арқылы кәсіби-негізделетін құзыреттілікті қалыптастыру әдістемесі** [Мәтін] / А.Д. Мендекенова, Д.М. Джусубалиева // Педагогикалық ғылымдар сериясы (ҚазҰУ). – 2023. – №1(74). – Б.46–56. – DOI: 10.26577/JES.2023.v74.i1.05.
- 10 **Nurkenova, G.K., Mazhenova, R.B., Danek, Y., Asakaeva, D.S., Abilkasimova, G.K. Digital technologies implementation in the process of training future teachers** [Text] / G.K. Nurkenova, R.B. Mazhenova, Y. Danek, D.S. Asakaeva, G.K. Abilkasimova // Bulletin of the Abai Kazakh National Pedagogical University. Series: Pedagogical Sciences. – 2023. – №2(78). – P.163–171. – DOI: 10.51889/2959-5762.2023.78.2.017.
- 11 **Бекеева Н.Ж. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың әдістемесі** [Мәтін]: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған дис.: 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті / Н. Ж. Бекеева. – Алматы, 2022. – 179 б.
- 12 **Нұрманова Г.Н. Қазақ тілін оқытуда филолог-студенттердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері** [Мәтін]: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған дис.: 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті / Г. Н. Нұрманова. – Қаскелең, 2022. – 200 б.
- 13 **Сәбденова Б.А. Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту** [Мәтін]: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған дис.: 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті / Б. А. Сәбденова. – Алматы, 2021. – 177 б.
- 14 **Дүйсебекова Ж. М. Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі** [Мәтін]: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған дис.: 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті / Ж. М. Дүйсебекова. – Қаскелең, 2019. – 193 б.
- 15 **Peterson, M. Learner interaction in a massively multiplayer online role-playing game (MMORPG): A sociocultural discourse analysis** [Text] / M. Peterson // ReCALL. – 2012. – T.24. – №3. – P.361–380. – DOI: 10.1017/S0958344012000195.
- 16 **Rizakhodzhaeva, G.A., Orazali, I.Sh. Pedagogical innovations in fostering academic speaking skills** [Text] / G.A. Rizakhodzhaeva, I.Sh. Orazali // Pedagogical sciences seriyasy (KazNU). – 2022. – №1(70). – P.128–131. – DOI: 10.26577/JES.2022.v70.i1.11.
- 17 **Дуйсенова, М., Жорабекова, А. Геймификация и ее применение в процессе обучения английскому языку в начальной школе** [Текст] / М. Дуйсенова, А. Жорабекова // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки. – 2024. – Т.81. – №1. – С.406–417. – DOI: 10.51889/2959-5762.2024.81.1.035.
- 18 **Koltovskaia, S. Postsecondary L2 writing teachers' use and perceptions of Grammarly as a complement to their feedback** [Text] / S. Koltovskaia // ReCALL. – 2023. – T.35. – №3. – P.290–304. – DOI: 10.1017/S0958344022000179.
- 19 **Выготский, Л.С. Мышление и речь** [Текст] / Л.С. Выготский. – М.: Педагогика, 1982. – 287 с.
- 20 **Canale, M., Swain, M. Theoretical bases of communicative approaches to second language teaching and testing** [Text] / M. Canale, M. Swain // Applied Linguistics. – 1980. – №1(1). – P.1–47. – DOI: 10.1093/applin/I.1.1.

21 Beetham, H., Sharpe, R. (eds.) *Rethinking Pedagogy for a Digital Age (3rd ed.)* [Text] / H. Beetham, R. Sharpe. – London: Routledge, 2019. – DOI: 10.4324/9781351252805.

REFERENCES:

- 1 Danilova O.V. Speech culture development in engineering students in the modern education system. *Advances in Economics, Business and Management Research: Proceedings of the International Session "Factors of Regional Extensive Development (FRED 2019)"*, 2020, no. 135, pp. 26–29.
- 2 Altaeva A.Sh. Rechevaya kul'tura i kommunikativnaya kompetenciya bilingva [Speech culture and communicative competence of a bilingual]. *Vestnik KazUMOIMYa. Seriya: Filologicheskie nauki*, 2021, no. 4(63), pp. 34–42. (In Russian)
- 3 Aida S. Impact of E-Learning orientation, moodle usage, and learning planning on learning outcomes in on-demand lectures. *Education Sciences*, 2023, vol. 13, no. 10, art. 1005. <https://doi.org/10.3390/educsci13101005>.
- 4 Wang A.I., Tahir R. The effect of using Kahoot! for learning – A literature review. *Computers & Education*, 2020, vol. 149, art. 103818. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2020.103818>.
- 5 Shadiev R., Sun A., Huang Y.-M. Exploring the impact of learning activities supported by technology on EFL ability, intercultural communicative competence, and knowledge sharing. *Frontiers in Psychology*, 2021, vol. 12, art. 766924. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2021.766924>.
- 6 Nair V., Yunus M.M. A Systematic Review of digital storytelling in improving speaking skills. *Sustainability*, 2021, vol. 13, no. 17, art. 9829. <https://doi.org/10.3390/su13179829>.
- 7 Zhai N., Ma X., Ma J. The Effectiveness of automated writing evaluation on writing quality: a meta-analysis. *Journal of Educational Computing Research*, 2023, vol. 61, no. 6, pp. 1532–1565. <https://doi.org/10.1177/07356331221127300>.
- 8 Barrot J.S. Using ChatGPT for second language writing: Pitfalls and potentials. *Assessing Writing*, 2023, vol. 57, art. 100745. <https://doi.org/10.1016/j.asw.2023.100745>.
- 9 Mendekenova A.D., Dzhusubalieva D.M. Sandyk tehnologiyalary koldanu arkyly kasibi-negizdeletein kuzyrettilikti kalyptastyru adistemesi [Methodology for forming professionally oriented competence through the use of digital technologies]. *Pedagogikalyk gylymdar seriyasy (KazUU)*, 2023, no. 1(74), pp. 46–56. <https://doi.org/10.26577/JES.2023.v74.i1.05>. (In Kazakh)
- 10 Nurkenova G.K., Mazhenova R.B., Danek Y., Asakaeva D.S., Abilkasimova G.K. Digital technologies implementation in the process of training future teachers. *Bulletin of the Abai Kazakh National Pedagogical University. Series: Pedagogical Sciences*, 2023, no. 2(78), pp. 163–171. <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.78.2.017>.
- 11 Bekeeva N.Zh. Kazak tilin okytuda studentterdin kasibi karym-katynas dagdylaryn damytudyn adistemesi [Methodology for developing students' professional communication skills in teaching the Kazakh language]. PhD thesis, Almaty, Abai Kazakh National Pedagogical University, 2022, 179 p. (In Kazakh)
- 12 Nurmanova G.N. Kazak tilin okytuda filolog-studentterdin cifrlyk kuzyrettiligin kalyptastyrudyn gylymi-adistemelik negizderi [Scientific and methodological foundations for forming digital competence of philology students in teaching the Kazakh language]. PhD thesis, Kaskelen, Suleyman Demirel University, 2022, 200 p. (In Kazakh)
- 13 Sabdenova B.A. Okytudyn dybys-beinelik kuraldary arkyly bastauysh synyp okushylarynyn katysymdyk dagdylaryn damytu [Developing primary school students' communicative skills through audio-visual teaching tools]. PhD thesis, Almaty, Kazakh National Women's Teacher Training University, 2021, 177 p. (In Kazakh)
- 14 Duysebekova Zh.M. Auyzsha tildin zhuyesi men kurylymyn mengertu arkyly filolog-studentterdin soz madenietin kalyptastyru adistemesi [Methodology for forming philology students' speech culture through mastering the system and structure of oral language]. PhD thesis, Kaskelen, Suleyman Demirel University, 2019, 193 p. (In Kazakh)
- 15 Peterson M. Learner interaction in a massively multiplayer online role-playing game (MMORPG): A sociocultural discourse analysis. *ReCALL*, 2012, vol. 24, no. 3, pp. 361–380. <https://doi.org/10.1017/S0958344012000195>.
- 16 Rizakhodzhaeva G.A., Orazali I.Sh. Pedagogical innovations in fostering academic speaking skills. *Pedagogical sciences seriyasy (KazNU)*, 2022, no. 1(70), pp. 128–131. <https://doi.org/10.26577/JES.2022.v70.i1.11>.
- 17 Duysenova M., Zhorabekova A. Gejmifikaciya i ee primeneniye v processe obucheniya anglijskomu yazy'ku v nachalnoj shkole [Gamification and its application in the process of teaching English in primary school]. *Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Pedagogicheskie nauki*, 2024, vol. 81, no. 1, pp. 406–417. <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.81.1.035>. (In Russian)
- 18 Koltovskaia S. Postsecondary L2 writing teachers' use and perceptions of Grammarly as a complement to their feedback. *ReCALL*, 2023, vol. 35, no. 3, pp. 290–304. <https://doi.org/10.1017/S0958344022000179>.

- 19 Vygotskij L.S. *Myshlenie i rech* [Thinking and speech]. Moscow, Pedagogika, 1982, 287 p. (In Russian)
- 20 Canale M., Swain M. *Theoretical bases of communicative approaches to second language teaching and testing*. *Applied Linguistics*, 1980, vol. 1, no. 1, pp. 1–47. <https://doi.org/10.1093/applin/i.1.1.1>.
- 21 Beetham H., Sharpe R. *Rethinking Pedagogy for a Digital Age*. 3rd ed. London, Routledge, 2019. <https://doi.org/10.4324/9781351252805>.

Авторлар туралы мәлімет:

Мейрбекова Гульнара Қайратбекқызы* – PhD докторанты, қазақ филологиясы кафедрасы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан Республикасы, 161200, Түркістан қ., тел.: +77081970709, e-mail: gulnara.meirbekova@ayu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3509-2158>.

Сулейменова Жарқынбике Нуайқызы – педагогика ғылымдарының докторы, Қазақ тіл білімін оқыту теориясы мен әдістемесі кафедрасының профессоры, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., тел.: +77078778685, e-mail: suleimenova.zharkynbike@qyzpu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1891-2134>.

Жылқыбай Гүлімжан Қызметқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ филологиясы кафедрасының доценті, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан Республикасы, 161200, Түркістан қ., тел.: +77777495604, e-mail: gulimzhan.zhylykbai@ayu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1950-8686>.

Исаева Жазира Исақызы – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ филологиясы кафедрасының доценті, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан Республикасы, 161200, Түркістан қ., тел.: +77077512315, e-mail: zhazira.isava@ayu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9801-8943>.

Мейрбекова Гульнара Кайратбекқызы* – PhD докторант, кафедра казахской филологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Республика Казахстан, 161200, г. Туркестан, тел.: +77081970709, e-mail: gulnara.meirbekova@ayu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3509-2158>.

Сулейменова Жарқынбике Нуайқызы – доктор педагогических наук, профессор кафедры теории и методики преподавания казахского языкознания, Казахский национальный женский педагогический университет, Республика Казахстан, 050000, г. Алматы, тел.: +77078778685, e-mail: suleimenova.zharkynbike@qyzpu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1891-2134>.

Жылқыбай Гүлімжан Қызметқызы – кандидат филологических наук, доцент кафедры казахской филологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Республика Казахстан, 161200, г. Туркестан, тел.: +77777495604, e-mail: gulimzhan.zhylykbai@ayu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1950-8686>.

Исаева Жазира Исақызы – кандидат филологических наук, доцент кафедры казахской филологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Республика Казахстан, 161200, г. Туркестан, тел.: +77077512315, e-mail: zhazira.isava@ayu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9801-8943>.

Meirbekova Gulnara Kairatbekkyzy* – PhD student, Department of Kazakh philology, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Republic of Kazakhstan, 161200, Turkestan, tel.: +77081970709, e-mail: gulnara.meirbekova@ayu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3509-2158>.

Suleimenova Zharkynbike Nuaykyzy – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Department of theory and methods of teaching Kazakh linguistics, Kazakh National Women's Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050000, Almaty, tel.: +77078778685, e-mail: suleimenova.zharkynbike@qyzpu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1891-2134>.

Zhylykbay Gulimzhan Kyzmetkyzy – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Department of Kazakh philology, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Republic of Kazakhstan, 161200, Turkestan, tel.: +77777495604, e-mail: gulimzhan.zhylykbai@ayu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1950-8686>.

Issayeva Zhazira Issakyzy – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Department of Kazakh philology, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Republic of Kazakhstan, 161200, Turkestan, tel.: +77077512315, e-mail: zhazira.isava@ayu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9801-8943>.